

Шектеу іс-шараларын алу туралы

Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ойыл ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 29 ақпандағы № 31 шешімі

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339 "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 8 тармағына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ойыл аудандық аумақтық инспекциясы бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының 2016 жылғы 29 ақпандағы № 3-6/32 санды ұсынысына сәйкес, Ойыл ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ЕТЕДІ**:

1. Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл ауылдық округінің Тайлақбай қыстағындағы "Данияр-С" шаруа қожалығы аумағындағы ұсақ малдары арасында бруцеллез ауыруының ошақтарын жою бойынша кешенді ветеринариялық – санитарлық іс – шараларды жүргізумен байланысты белгіленген шектеу іс – шаралары алынсын.

2. Ойыл ауданы, Ойыл ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 8 ақпандағы № 23 "Ойыл ауылдық округінің Тайлақбай қыстағында орналасқан "Данияр-С" шаруа қожалығы аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4748 болып тіркелген, 2016 жылғы 19 ақпанда "Ойыл" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылауды өзіме қалдырамын.

Ойыл ауылдық округінің әкімі:

И.Сабиржанов